



Бронхиалды астманың ұстамасы кезіндегі алғашқы көмек

- Бронхиалды астма шұғыл көмекті қажет ететін қатерлі жағдайлар қатарына жатады. Сондықтан бұл кезде мейірбикелік күтімді лайықты ұйымдастыру маңызды. Мейірбикелік күтімде алдымен науқастағы шағымдар, оны қарау кезіндегі өзгерістер, пациенттің проблемаларын анықтау атқарылады.

Мейірбикелік күтім:

- - науқаспен адаммен оның кеселі және тұншығу ұстамасындағы әрекеттер туралы сұхбат;
 - пациентті ыңғайлы отырғызу, денесін қысқан киімнен босату;
 - таза ауамен қамтамасыз ету;
 - сальбутамолмен 1 – 2 доза, қарттарға атровентпен ингаляция жасау;
 - оттегі терапиясы (оксигенотерапия);
 - пациентке көп мөлшерде жылы сұйық ішкізу;
 - небулайзер арқылы бронходилататорлар беру;

- дәрігердің нұсқауымен муколитиктер – амброксол, ацетилцистеин, бромгексин беру.
 - тыныштықта не орташа физикалық жүктеме кезінде міндетті түрде мұрын арқылы дем алу;
 - мүмкіндігінше тыныс алудың толық болуын қамтамасыз ету;
 - күнделікті тыныс гимнастикасын жасау;
 - пациентке астма – мектебіне баруға кеңес беру.
- Астма мектебінде бронхиалды демікпенің даму механизмдері мен себептері және емдеу әдістері туралы емделушілерге жеткілікті ақпарат беріледі және тұншығудың бетін қайтару тәсілдері практикалық тұрғыда көрсетіледі.

- Бронхиалды астмасы бар адамға дәрігердің жедел консультациясы қажет. Ол келгенше алғашқы көмек көрсету түрлері мынадай:
 - науқас пен оның айналасындағы туыстары үшін тыныштық ау-жайын орнату;
 - күтім жасайтын адамның өзіне байыптылық қажет, өйткені ондағы қорқу мен асып-сасу науқас адамға да беріліп, оның жағдайын ауырлатуы мүмкін;
 - науқасқа төсекте отыру немесе жартылай отыру кейіпін жасайды..

- Ол үшін керуеттің бас жағын көтереді немесе пациенттің басының астына бірнеше жастық қояды;
 - денесін қысқан киімнен босатады, оның денесінің жоғары бөлігін жапқан ауыр көрпешені алып тастайды;
 - бөлменің терезесінің форточкасын немесе терезені толықтай ашып, таза ауаның келуін қамтамсыз етеді және мүмкіндігінше науқасты ашылған терезеге жақындау орналастырады;
 - егер дәрігердің сәйкесінше нұсқаулары болса оған қалта ингаляторын беріп және оны дұрыс қолдануды қадағалайды